



Автор: САНКЕШ ЖАННҰР ЕРБОЛАТҚЫЗЫ

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Тарихи шындық пен көркемдік шешім

Тақырып: Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы шығарма үзінділерімен жұмыс жасайды Оқушылардың көпшілігі шығарма үзінділерін шығармашылық жұмысқа қолданады Оқушылардың кейбірі шығармашылық жұмыс жазады
Бағалау критерийі	• көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады
Тілдік құзіреттілік	Екі тарлан бөрі едім, қызыл сырлы жебе едім, ақ сұңқар құстың сойы едім, жер қайысқан қол едік.
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, қазақстан тарихы
Алдыңғы оқу	Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (5 минут)	Оқушылармен амандасу; Сабаққа дайындықтарын тексеру; Оқу мақсаты мен бағалау критерийін таныстыру Сынып 4 топқа бөлінеді. Басталуы (5 минут) «Біз құрастырған әңгіме» Оқушыларға кез келген заттың суретін салу тапсырылады. Бірінші оқушы өз суретін қатыстырып «Мен, мен едім» тақырыбындағы әңгімені бастайды, осылайша әр оқушы өз суретін қатыстырып, басталған әңгіме желісін үзбей жалғастыра береді. Барлық оқушы айтып болғанда тұтас бір сюжетті әңгіме құрастырылуы керек.	Слайд
Ортасы (30 минут)	Топтар «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңінің мазмұнын бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, «Дананың кілттері» әдісі бойынша шығармашылық жұмыстар орындайды. 1-топ. «Егер де кілті» «Егер де...» деп басталатын оқиғалар тізімін жасайды. Мысалы: Егер де Махамбет пен Исатай Еділ-Жайық үшін шайқаспағанда, бүгінгі бейбіт өмірге қол жеткізуіміз қиын болар еді. 2-топ. «Жаңа дизайн кілті» BARабсервиатурасы бойынша жұмыс жасайды. В – артық А – қосу R – алып тастау. Берілген үзіндіге жаңа дизайн береді, яғни өлең мазмұнын бүгінгі күнге келтіріп өзгертеді. (Артық сөз немесе жолдарды алып тастайды, өздерінікін қосады, кейбірін мүлдем алып тастайды). 3-топ. «Тағы қалай?» кілті Шығармадағы кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін талдай отырып, бүгінгі күні кімнің қай әрекетін, мінезін тағы қалай, қандай жағдайда қолдануға болатындығын айтады. 4-топ. «Қиыстыру» кілті Үйлеспейтін екі кейіпкердің қасиеттерін санамалап (Махамбет пен Баймағамбеттің), одан кейін жаңа және жақсарған тұлға жасау үшін осы қасиеттерді біріктіреді. Топтар бір-бірінің жұмысын бағалайды.	http://bilim-all.kz/olen/1624-Mahambettin-Baimagambet-sultanga-aitqany

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы Рефлексия (5 мин)	Сабақтан алған 3 маңызды ақпарат Қиындық тудырған 2 аспект Сабақ барысында туындаған 1 сұрақ	